

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ

ТОККУЛИНОВА Г.К.

**Дене шынықтыру және спорт
педагогикасы**

Оқу құралы

Алматы 2018

ӘБЖ 796/799
ҚБЖ 75.0я7
T51

Рецензенттер:

Саудабаева Г. С. – педагогика ғылымының докторы
Жунусбеков Ж.И.-педагогика ғылымының кандидаты, профессор, ҚР еңбек сіңірген бапкері

Оқу құралы Қазақ спорт және туризм академиясының ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланып баспаға №8 хаттамасымен 27.04.2018ж. бекітілген

T51 **Токкулинова Г.К.** Дене шынықтыру және спорт педагогикасы: оқу құралы. Толықтырылған басылы..-Алматы:ҚазСТА,2018.- 122б.

ISBN978-601-7964-04-7

Дене шынықтыру және спорт педагогикасынан студенттерге арналған оқу-әдістемелік құрал ҚР типтік оқу бағдарламасы, Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрлігі 30 маусымда 2016 ж. Бекітілді және іске қосылды 5В010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша арналған Типтік оқу бағдарламасы негізінде дайындалды.

Бұл оқу-әдістемелік құрал Қазақ спорт және Туризм Академиясының 2 курс білімгерлері үшін кредиттік жүйе бойынша Дене шынықтыру және спорт педагогикасы оқу-жұмыс бағдарламасы (силлабус) , пәннің тақырыптық жоспары, семинар сабақтарының жоспары ,білімгерлердің өзіндік жұмысына (СОӨЖ және СӨЖ) арналған тапсырмалар, тестер және әрбір семинар сабақтарына арнайы ұсынылатын әдебиеттер тізімі мен пәнді оқып үйренуге арналған әдістемелік нұсқаулар қоса берілген.

ISBN 78-601-7964-04-7

ӘБЖ 796/799

ҚБЖ 75.0я7

© ҚазСТА,2018

© Токкулинова Г.К. ,2018

КІРІСПЕ

«Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» пәні ДШЖС педагогикасының заманауи ағымдарын және ХХІ ғасырда даму келешегін; бүтіндей спорттық-педагогикалық басшылық жүргізуді және жас спортшылардың өзіндік тәрбиеленуін; ДШ оқытушысы мен спорттық жаттықтырушының педагогикалық шеберлігін зерттейді.

Мақсаты: модуль пәні мектептегі дене шынықтыру оқытушысы мен спорт түрлерінен жаттықтырушының қызмет мәнін зерттеуге арналған.

Міндеттері:

1. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үрдістерінің мәні мен мазмұнын, заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру
2. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық дүниетанымын, дене шынықтыру педагогиканын ұғымдардырып толық ұғындырып біліктіліктерін қалыптастыру.
3. Дене шынықтыру педагогика пәні және оның ғылыми-педагогикалық зерттеулерінің әдістерін жетік меңгеруге бағыт беру.
4. Студенттерді педагогикалық процестің құрылымындағы дене шынықтыру тәрбиесі туралы білімдермен қамтамасыз ету.

Пәнді оқу барысында студент мыналарды білуге тиіс:

- қазіргі таңдағы қоғамда маңызға айналып отырған ғылым мен білімнің рөлі туралы;
- әлемдік білім кеңістігіндегі қазіргі тенденциялар жөнінде;
- орта білім беретін мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктері туралы және т.б.
- дене шынықтыру педагогика және оның даму тарихының теориялық-әдіснамалық негіздерін, әлемдік педагогикалық мұраларды;
- тұтас педагогикалық үдеріс теориясы мен практикасын;
- мектептің педагогикалық үдерісін басқарудың мазмұны мен ерекшеліктерін және т.б. білуге;

Біліктіліктерін игеруге;

- ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті;
- педагогикалық қатынас пен педагогикалық техниканы;
- педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларымен субъект-субъектілі өзара әрекеттестікті ұйымдастыру;
- педагогикадан алған білімді кәсіптік практиканы өту барысында қолдану, сонымен қатар кәсіби міндеттерді шешу;

Келесі тәжірбиелік дағдыларды орындай алу керек:

- Жас адамның өмірінің мәні болатын сан-алуан әлеуметтік рөлдерді орындай алу
- болашақ дене шынықтыру мұғалімдердің қазіргі педагогикалық ғылымның негіздері бойынша білімді, жалпы білім беру мектебінде педагогикалық процессті ұйымдастыру іскерліктер қалыптастыру
- кәсіби іс-әрекетке байланысты алуан түрлі жағдайлар мен жағдаяттарда икемді және мобилді (ұтқыр) болу дағдыларын меңгеру
- әлеуметтік өмірдің жағдайына байланысты жеке бас қажеттіліктерін сәйкестіре алу, яғни кездейсоқ жағдайда адамгершілік құндылықты жоғалтпай ондағы өзгерістерге еркін түрде бейімделу іскерлігін қалыптастыру
- басқа құндылықтарды ұстанатын адамдардың жеке бас позициясын түсіну, сонымен қатар, көпмәдени ортада қазіргі уақыттағы этикет нормаларын саналы түрде қолдану негізінде нәтижелі қарым-қатынас жасаудың механизмдерін қолдана алуын қалыптастыру

Пререквизиттер: «Педагогикалық мамандыққа кіріспе»